

Хаттама

5.01.2024ж

Қатысқандар:

1. Кәсіподақ комитетінің төрайымы
2. Кәсіподақ комитетінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Бастауыш кәсіподақ комитетінің 2023 жылдың қаңтар айынан 2024жылдың қаңтар айына дейінгі жұмысының есебі.
2. Ревизиялық комиссия есебі
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. № 264 мектеп – лицейінің кәсіподақ төрайымы А.Балмаханованың баяндамасы АКТ залында, ЛЕД экранда слайд арқылы көрсетілді. Төраға есеп беру кезеңінде 2023 жылғы I қаңтардағы статистикалық есеп бойынша №264 мектеп-лицейінің кәсіподақ мүшелері саны 555, декреттік демалыста 70, ақысыз демалыста 1, оның ішінде педагогтар 384, кіші тех қызметкерлер 100. Мүшелікке өткен барлық жұмысшылардың кәсіподақ билеттері өз уақытында қолдарына табысталған. Бастауыш кәсіподақ ұйымының жарнасын мектеп бухгалтері О.Оспан айма- ай айлық табыстың 1% ұсталаып, оның 60% - бастауыш кәсіподақ ұйымының есеп шотына аударылып, 20% - облыстық кәсіподақ ұйымына, 20% - қалалық білім бөлімінің кәсіподақ комитетінің есеп –шотына аударылып отырылады.

Бастауыш кәсіподақ ұйымының жиналысының №1 хаттамасына сәйкес жасалған жылдық смета өз дәрежесінде орындалып келеді деді.

Кіріс (кәсіподақ мүшесінің жарна пұлдары) - 100 %

Шығыс 100 % оның ішінде:

Мәдени іс-шаралар - 40 %

Қайырымдылық көмек - 40%

Оқу-спорттық жұмыс және іс-шаралар- 10%

Жазғы демалыс- 5 %

Ардагерлермен жұмыс- 5%

Дау дамай, арыз болған жоқ. Келіспеушілікті бітімгершілікке келіп шештік. Мектепте әдеп кеңесі, қамқоршылық кеңесі, ардагерлер кеңесі құрылған өз жоспарымен жұмыс жасауда.

Жыл бойына кәсіподақ мүшелерін бірлестік, мектеп әкімшілігі жетістіктері мен шығармашылық қабілеттерін ескере отырып түрлі деңгейдегі (министірлік, облыстық, қалалық, мектепшілік) марапатқа ұсынып отырады. Осы аталған уақытта 142 кәсіподақ мүшесі марапатталды ол 36.5% құрайды. Республикалық, облыстық, қалалық олимпиада, жобаларда оқушылары жүлделі орын алған ұстаздар Жұлдыз Ұстаз атты іс шараға қатыстырылып, марапатталды. Екі Мұғалімге 50 000 мыңнан сертификат ұсынылса, 25 облыстық марапатқа қазан, 24 қалалық марапатқа ыдыс ұсынылды.

Алтын белгі иегерлерінің бастауыш сыныбындағы мұғалімдері БІРКӨЛІК шипажайына барды
Рысбаева Айгуль – бастауыш сынып мұғалімі

Абдразахова Софья – бастауыш сынып мұғалімі
Молдахметова Ұлған – бастауыш сынып мұғалімі
Исаханова Кенже – бастауыш сынып мұғалімі
Әбитаева Мөлдір – бастауыш сынып мұғалімі
Шырынханова Гулмира – бастауыш сынып мұғалімі
Мергенбаева Майра – бастауыш сынып мұғалімі

Туған күн иелері мерейтойлар құттықталады **40, 45, 50, 55, 60 жас**

Осы уақыт аралығында 61 мүшесіміз құттықталды (адресат, қазан)

23 кәсіподақ мүшесінің туыс тумалары қайтыс болып, қайырымдылық көмек берілді. 20 мың теңге көлемінде

Кәсіподақ мүшелерінің қысқы жазғы демалысын ұйымдастыру

Жазғы демалыста шипажайларға 14 адам өтініш беріп, демалып, ем алып келді, сол кісілерге жолдаманың 10% төленді.

Мәдени іс шаралар

Алғыс айту күні, 8 наурыз, Әз Наурыз, Медбикелер күні, 9 Мамыр, Білім күні, Ұстаздар күні, Қарттар күні, Бухгалтерлер күні, Кітапханашылар күні, Жаңа жыл.

Спорттық сайстарға қаржылай көмек, демеу беріліп тұрды.

3 сайыс ұйымдастырылды, солардың марапатын жасап көтергенде осы кәсіподақ ұйымы
Эстафета
Эстафета
Семинар сайыс

Ардагерлермен жұмыс

Ардагерлермен жыл бойына жұмыстар жүргізіліп, әр мейрамға шақырылып, құттықтап, сый сыяпат жасалып, құжаттары реттелді.

Қайырымдылық

Кәсіподақ мүшелерінің өтініштері қаралып, толықтай қанағаттандырылып, қайырымдылық жасалып отырды.

Апталықтарға қаржылай көмек беріліп отырды

Ота жасалып, емге көмек сұрағандар саны 15, барлығына 20 000нан беріліп отырды.

Мектепке жол акциясы жасалып, балалары 1 сыныпқа баратын 51 кәсіподақ мүшесіне қаржылай көмек берілді.

Әлеуметтік пакет жасалды.

2. Мәселе бойынша ревизиялық комиссия төрайымы Гүлнұр Жәнібекқызы сөз алып, 12 айда түскен қаражат толық жұмсалып, барлығы хаттамаланып, чек, шығыс ордерімен дәлелденгенін айтты. Мәдени тәрбиелік іс-шараларға, мәдени инвентарь алуға. Оқу – спорттық жұмысқа және іс-шараларға, семинар ұйымдастыруға, қайырымдылық көмекке, жазғы демалыс, балалармен жұмыс, ардагерлермен жұмыс жасалғанын, сол мақсатта қаражат жұмсалғанын растап айта аламын деді. Слайдпен көрсетілді.

3. Лаборант А.Баймаханова сөз алып, Кәсіподақ ұйымына көңілі толатынын, мәселелерді дер кезінде шешетінін айтып, алғысын білдірді. Информатика пәнінің мұғалімі Г.Мырзалиева орнынан тұрып, жазғы демалыста Эль фараби шипажайына жолдама алғанын, оған жақсы жеңілдік болғанын, тамаша демалып, керемет көңіл күй сыйлаған кәсіподақ комитетіне рахметін айтты. Кіші техникалық қызметкер М.Есқараева кәсіподақ

төрайымы А.Балмаханова жақсы жұмыс жасап жатқанын айта келе, іспен де сөзбен де қаржылайда көмегін аямайды деп мерейін асырды.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, қаулы етеді:


1. Кәсіподақ төрайымы А.Балмаханова есебі қанағаттандырылсын
2. Ревизиялық комиссия төрайымы Г.Жәнібекқызының есебі қанағаттандырылсын
3. Мұғалімдердің киім, тұрыс жүрістері назарға алынып, қадағалансын.

Кәсіподақ ұйымының төрайымы



А.Балмаханова

Хатшы



Ұ.Бексейтова